



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
года \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 20-34/1936 от: 24.07.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Б. К. Тілеуханға  
Ә. Е. Бектұрғановқа

2017 жылғы 29 маусымдағы  
№ ДС – 179 хатқа

### Құрметті депутаттар!

«Ұлы далалық байырғы қазақи көне есептер – қазақ фольклорының қасиетті рухани құндылығы» атты ғылыми жобаға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде басылып шыққан 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағында қазақ халқының аса бай, әрі көп жанрлы рухани мұрасының үлгілері қамтылған, оның ішінде жинақтың бір томы қазақ жұмбақтарына арналған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық сана-сезімді сақтауға бағытталған.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес аталған ғылыми жоба гранттық және (немесе) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде іске асырылуы мүмкін.

2016 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы мақұлдаған 2017-2020 жылдарға арналған «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері» ғылымды дамытудың басым бағыттары шеңберінде (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) ғылым саласындағы уәкілетті орган 2018-2020 жылдарға арналған гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде конкурс жариялайтын болады.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 3-тармағына сәйкес конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері қатыса алады.

Бұдан басқа республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобалар ғылыми жаңалығы мен перспективалылығын бағалау мақсатында сондай-ақ қаржының нысандары мен көлемін айқындау үшін мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өткізіледі және тиісті Ұлттық ғылыми кеңестерде қаралады. Бұдан басқа бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобалар еліміздің стратегиялық міндеттері мен ғылыми саясатының басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның қарауына шығарылады.

Жазылғанның негізінде аталған жобалар авторлары ғылым саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтінім әзірлеп, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға арналған конкурсқа қатыса алады.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**